

**МУБАРАКОВ ЕЛДАР ЕРКЫНДЫҒЫНЫҢ**  
**« Қазақстан Республикасының еңбек нарығында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару моделін әзірлеу»**  
**тақырыбындағы 8D04101 – «Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін**  
**алуға ұсынылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**  
**ПҚКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p><b>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</b></p>	<p>Ұсынылған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті қажеттіліктерін қамтып, экономикалық ғылымның заманауи даму үрдістеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбы еңбек нарығындағы гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді тұрақты экономикалық өсудің және инклюзивті дамудың стратегиялық құрамдас бөлігі ретінде басқарудың жүйелі тетіктерін қалыптастырудың объективті қажеттілігімен негізделген.</p> <p>Зерттеу тақырыбы мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың негізгі құжаттарымен тікелей сабақтас:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасымен (2030 жылға дейін);</li> <li>– Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі 2024–2027 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарымен;</li> <li>– Қазақстан Республикасы еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен.</li> </ul> <p>Халықаралық деңгейде диссертациялық жұмыс 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің 5-мақсаты – «Гендерлік теңдік» және 8-мақсаты – «Лайықты еңбек және экономикалық өсу» бағыттарымен үндеседі.</p> <p>Гендерлік теңдік қағидаттарын декларативті түрде бекітуден сандық модельдер мен өлшенетін көрсеткіштерге негізделген дәлелді басқаруға көшу қажеттілігіне байланысты қойылған ғылыми мәселе автордың мемлекеттік басқару саласындағы өзекті сын-қатерлерді терең түсінетінін көрсетеді. Жүргізілген зерттеу аталған бағыттағы мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін ғылыми негіз қалыптастыруға елеулі үлес қосады.</p> <p>Диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына толық сәйкес келеді және Қазақстан Республикасында іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалармен үйлеседі.</p>

<p>2.</p> <p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p><b>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</b></p>	<p>Ұсынылған диссертация еңбек экономикасы, мемлекеттік басқару теориясы және гендерлік экономика құралдарын біріктіретін дербес әрі кешенді ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы гендерлік теңдік категориясын басқару теориясы мен еңбек экономикасы тұрғысынан қайта пайымдауымен сипатталады. Автор гендерлік теңдікті тек нормативтік қағидат ретінде емес, институционалды, білім беру және басқарушылық факторлардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық нәтиже ретінде қарастырады. Мұндай тәсіл гендерлік процестерді басқару мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларды бағалаудың жаңа әдіснамалық негіздерін қалыптастырады. Жұмыста ұлттық статистика жүйесі мен мемлекеттік мониторингтің қажеттіліктеріне бейімделген еңбек нарығындағы гендерлік теңдіктің интегралдық индексі (GE_LMI) әзірленген. Бұл көрсеткіш оны халықаралық баламалардан (WEF GGI, UNDP GI, EIGE GEI) елеулі түрде ерекшелейді. Сонымен қатар, гендерлік теңдік динамикасына басқарылатын факторлардың әсерін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін эконометриялық модель құрастырылып, дәлелденген. Өзірленген көпдеңгейлі басқару моделі (макро-мезо-микро) еңбек нарығындағы гендерлік үдерістерді жекелеген декларативтік шаралар шеңберінен жүйелі басқару деңгейіне көшіруге арналған әдіснамалық негіз қалыптастырады.</p> <p>Алынған нәтижелер еңбек нарығындағы гендерлік теңдікті зерттеудің әдіснамалық базасын толықтырып, осы бағыттағы қолданбалы және эмпирикалық зерттеулердің талдамалық мүмкіндіктерін кеңейтеді.</p>
<p>3.</p> <p>Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі:  <b>1) жоғары;</b>  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеуді жүргізу барысында автордың жоғары деңгейдегі дербестігін көрсетеді. Зерттеу мәселесінің қойылуы, теориялық-тұжырымдамалық негіздің қалыптастырылуы, гендерлік теңдікті басқарылатын объект ретінде авторлық тұрғыдан түсіндіруі, сондай-ақ GE_LMI, интегралдық индексі мен эконометриялық модельдің әзірленуі тәуелсіз ғылыми ізденіс нәтижесінде алынған бірегей ғылыми нәтижелер болып табылады. Автор отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді терең меңгергендігін көрсетіп, әртүрлі теориялық тәсілдерді сыни тұрғыдан салыстырып, өзінің ғылыми ұстанымын дәйекті түрде негіздейді. Уақыттық қатарлар, құрылымдық және индекстік талдау, min-max әдісі арқылы деректерді нормализациялау, эконометриялық модельдеу сияқты әдістемелік құралдар жүйелі әрі ғылыми тұрғыдан негізделген түрде қолданылған.</p> <p>Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының 2015–2024 жылдар аралығындағы ресми статистикалық деректерін өңдеу барысында Python бағдарламалау тілі (NumPy, Pandas, Matplotlib кітапханалары), сондай-ақ Excel Power Query құралдарының пайдаланылуы автордың цифрлық талдау әдістерін</p>

			<p>заманауи деңгейде меңгергенін көрсетеді. Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің, оның ішінде Scopus деректерінде индекстелетін ғылыми журналдағы мақаланың болуы ғылыми нәтижелердің апробациядан өткенін және олардың кәсіби ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын дәлелдейді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  <b>1) негізделген;</b>  2) ішінара негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Зерттеу тақырыбының өзектілігі статистикалық деректерге, стратегиялық жоспарлау құжаттарына және халықаралық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып жан-жақты негізделген. Автор Қазақстанның құқықтық жүйесінде гендерлік теңдік қағидаттарының ресми түрде бекітілгеніне қарамастан, еңбек нарығында сақталып отырған құрылымдық теңсіздіктерді анық көрсетеді. Олардың қатарында еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтықтың (26–30%), әйелдердің басшылық лауазымдарға қол жеткізу мүмкіндігінің шектеулілігінің (шамамен 38–40%), сондай-ақ көлденең және тік кәсіби сегрегацияның сақталуы ерекше атап өтілген.</p> <p>Зерттеудің ғылыми құндылығын арттыратын маңызды тұжырымдардың бірі – әйелдердің еңбек әлеуетін толық әрі тиімді пайдаланбаудың экономикалық өсуді жүйелі түрде шектейтін фактор ретінде қарастырылуы. Автор гендерлік теңсіздікті әлеуметтік сипаттағы мәселе ретінде ғана емес, еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға және экономикалық дамуға ықпал ететін құрылымдық фактор ретінде қарастырады. Зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайтын қосымша дәлел ретінде мемлекеттік саясаттың декларативті мақсаттары мен гендерлік үдерістерді мониторингтеу және дәлелді басқару құралдарының жеткіліксіздігі арасындағы институционалдық қайшылық көрсетілген. Бұл диссертациялық зерттеуге теориялық маңызбен қатар, тікелей қолданбалы сипат береді.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <b>1) айқындайды;</b> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	<p>Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын теориялық, эмпирикалық және қолданбалы аспектілердің бірлігінде жан-жақты айқындайды. Бірінші бөлім гендерлік теңдікті басқарудың теориялық және институционалдық негіздеріне арналған, онда гендерлік саясатты реттеудің халықаралық тәжірибесі мен түрлі тәсілдеріне салыстырмалы талдау жүргізілген. Екінші бөлім Қазақстанның еңбек нарығына терең эмпирикалық диагностика жасауға бағытталған және ресми статистикалық деректерді, құрылымдық және индекстік талдау әдістерін пайдалануға негізделген. Үшінші бөлімде автордың басқарушылық сипаттағы ғылыми әзірлемелері, атап айтқанда интегралдық индекс, эконометриялық модель және көпдеңгейлі басқару моделі ұсынылған. Диссертацияның құрылымы зерттеу мәселесін талдаудан бастап оны теориялық тұрғыдан пайымдауға және практикалық шешу жолдарын ұсынуға дейінгі ғылыми логиканы дәйекті түрде</p>

	<p>жүзеге асырады. Бұл жұмыстың мазмұндық тұтастығын, толықтығын және ғылыми тұрғыдан аяқталған сипатын қамтамасыз етеді.</p>	
<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының еңбек нарығында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару моделін әзірлеу және ғылыми тұрғыдан негіздеу – нақты тұжырымдалған әрі зерттеу тақырыбымен тығыз байланыста қарастырылған. Диссертацияда қойылған міндеттер өзара жүйелі түрде байланысқан кешенді міндеттер жиынтығын құрайды және тұжырымдамалық-теориялық аппаратты нақтылауды, реттеу тетіктерін жүйелеуді, Қазақстанның еңбек нарығына эмпирикалық диагностика жүргізуді, GE_LM<sub>1</sub> интегралдық индексін әзірлеуді, эконометриялық модельді құру мен дәлелдеуді, сондай-ақ басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған практикалық тетіктерді қалыптастыруды қамтиды. Қойылған міндеттердің әрқайсысы диссертацияның тиісті бөлімдерінде жан-жақты қарастырылып, нақты нәтижелермен негізделген. Бұл диссертацияның мақсаты мен міндеттерінің өзара толық сәйкестігін, зерттеудің логикалық бірізділігін және ғылыми негізділігін дәлелдейді.</p>	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) ішінара сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді.</p>	
<p>Диссертацияның ішкі бірлігі зерттеудің барлық бөлімдерінің өзара толық байланысын қамтамасыз ететін бірыңғай ғылыми логика арқылы сипатталады. Бірінші бөлімде қарастырылған теориялық тұжырымдамалар екінші бөлімдегі эмпирикалық талдау көрсеткіштерінің жүйесін айқындайды, ал жүргізілген диагностикалық талдаудың нәтижелері үшінші бөлімде ұсынылған басқару моделінің мазмұны мен құрылымын қалыптастыруға негіз болады. Бірінші бөлімде енгізілген гендерлік теңдіктің басқарылатын нәтиже ретіндегі авторлық анықтамасы кейінгі бөлімдерде GE_LM<sub>1</sub> интегралдық индексі мен эконометриялық модель арқылы дәйекті түрде нақты мазмұнмен толықтырылып, практикалық тұрғыдан іске асырылады. Қорытынды бөлімде диссертацияның барлық үш бөлімінде алынған нәтижелер мен тұжырымдар біріктіріліп, жалпыланған ұсынымдар берілген және зерттеуді одан әрі дамыту бағыттары айқындалған. Бұл диссертациялық жұмыстың аяқталған ғылыми еңбек ретіндегі мазмұндық тұтастығын және ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде құрылғанын көрсетеді.</p>	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) ішінара байланысқан;  3) байланыс жоқ.</p>	
<p>Авторлық ғылыми әзірлемелер отандық және шетелдік ғылыми тәжірибеде қалыптасқан тәсілдермен жүйелі түрде салыстырылып, ғылыми тұрғыдан негізделген. GE_LM<sub>1</sub> интегралдық индексін әзірлеу барысында халықаралық индекстердің (WEF GGI, UNDP GIH, EIGE GEI) шектеулеріне сыни талдау жүргізілген. Аталған индекстердің ұлттық статистикалық базаға жеткілікті деңгейде бейімделмегендігі, мониторинг жүргізудің басқарушылық міндеттеріне толық сәйкес келмейтіндігі және Қазақстан жағдайында мемлекеттік саясатты</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  <b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау ішінара жүргізілген;  3) талдау өз пікіріне емес, басқа</p>	

		<p>авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>әзірлеу барысында тікелей қолдануға шектеулі мүмкіндіктері бар екендігі көрсетілген. Автор ұсынған көпдеңгейлі басқару моделі (макро–мезо–микро) қолданыстағы бағдарламалық тәсілдермен салыстырылып, оның тұжырымдамалық артықшылықтары жан-жақты негізделген. Атап айтқанда, басқару деңгейлерінің жүйелі үйлесімділігі, кері байланыстың кіріктірілген тетіктерінің болуы және өлшенетін нәтижелерге бағдарлануы теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық талдау деректері негізінде дәлелденген. Авторлық ғылыми нәтижелерді осындай тәсілмен ғылыми айналымдағы қолданыстағы тұжырымдамалармен салыстыра отырып негіздеу академиялық зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері өзара байланысты бірнеше бағыт бойынша айқын ғылыми жаңалыққа ие. Біріншіден, автордың еңбек нарығындағы гендерлік теңдікті нормативтік идеал ретінде емес, институционалдық, білім беру және басқарушылық факторлар арқылы қалыптасатын басқарылатын әлеуметтік-экономикалық нәтиже ретінде қарастыратын теориялық-тұжырымдамалық ұстанымы ғылыми әдебиеттегі қолданыстағы тәсілдерді толықтыратын авторлық ғылыми көзқарас болып табылады. Бұл тәсіл мемлекеттік басқару жүйесінде гендерлік үдерістерді бағалау және мониторингтеу құралдарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Екіншіден, әзірленген GE_LM<sub>i</sub> интегралдық индексі Қазақстанның статистикалық деректер базасына бейімделген және әйелдердің жұмыс күшіне қатысуы, формальды сектордағы жұмыспен қамтылуы, еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтық және басшылық қызметтердегі әйелдердің үлесі сияқты төрт құрамдас көрсеткішті қамтитын ұлттық статистикалық базаға бейімделген авторлық өлшеу құралы болып табылады. Аталған көрсеткіштер min-max әдісі арқылы нормализацияланған. Үшіншіден, басқарылатын үш фактордың (WBL<sub>i</sub>, EDU<sub>i</sub>, LEAD<sub>i</sub>) GE_LM<sub>i</sub> индексіне әсерін дәлелдейтін эконометриялық модель гендерлік теңсіздіктердің басқарылатын сипатын сандық тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік беретін жаңа ғылыми құрал ретінде ұсынылған. Сондай-ақ, автор ұсынған көпдеңгейлі басқару моделі стратегиялық, институционалдық және ұйымдастырушылық тетіктерді үйлестіруге бағытталған өзіндік бірегей басқару архитектурасы болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары автордың дербес жүргізген талдау нәтижелеріне негізделген және өзіндік ғылыми маңызға ие. Зерттеудің негізгі тұжырымдарының бірі – мемлекеттік гендерлік саясаттағы құрылымдық және институционалдық шектеулердің болуы. Талдау нәтижелері гендерлік саясаттың нормативтік негіздері мен еңбек нарығындағы нақты нәтижелер арасында белгілі бір сәйкессіздіктердің сақталатынын көрсетеді. Аталған қорытынды нақты</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  <b>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b>  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>эмпирикалық деректермен дәлелденіп, гендерлік үдерістерді басқаруда модельдік тәсілдерге негізделген басқару жүйесіне көшудің қажеттілігін ғылыми тұрғыдан негіздейді.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған авторлық басқарушылық шешімдер ішінара жаңа болып табылады және ғылыми негізділігімен, жүйелілігімен әрі практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді. Ұсынылған көпдеңгейлі басқару моделі макро-, мезо- және микро деңгейлер үшін сараланған басқару тетіктерін қарастырады. Олардың қатарына мемлекеттің нормативтік-құқықтық және бағдарламалық құралдары, салалық және өңірлік деңгейлердегі институционалдық тетіктер, сондай-ақ жұмыс берушілердің ұйымдастырушылық тәжірибелері жатады. GE_LM<sub>i</sub> интегралдық индексін есептеу әдістемесі уақыт бойынша, өңірлер мен экономикалық қызмет салалары бөлінісінде көрсеткіштерді салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл аталған индексті мемлекеттік стратегиялық жоспарлау, мониторинг жүргізу және саясаттың тиімділігін бағалау жүйесінде қолдануға жағдай жасайды. Ұсынылған басқару тетіктері Қазақстанның ресми статистикалық деректеріне негізделген және өңірлік басқару органдарының қызметінде практикалық апробациядан өткен.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертация қорытындыларының сенімділігі мен негізділігі ресми статистикалық деректерді, халықаралық ұйымдардың материалдарын және автор жүргізген талдау нәтижелерін кешенді пайдаланумен қамтамасыз етіледі. Бұл база Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының 2015–2024 жылдардағы ресми статистикалық деректерін, халықаралық ұйымдардың (Халықаралық еңбек ұйымы, Дүниежүзілік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы) аналитикалық баяндамаларын, нормативтік-құқықтық және стратегиялық құжаттардың материалдарын, сондай-ақ автор жүргізген эконометриялық талдау нәтижелерін қамтиды.</p> <p>Жүйелік, институционалдық, салыстырмалы және құрылымдық-функционалдық әдістердің уақыттық қатарларды құру, құрылымдық талдау, көрсеткіштерді нормализациялау және регрессиялық модельдеу сияқты сандық құралдармен ұштастыра қолданылуы зерттеудің әдіснамалық қатандығын қамтамасыз етеді. Теориялық тұжырымдар эмпирикалық деректер негізінде дәйекті түрде верификацияланып, нәтижесінде ұсынылған ғылыми қорытындылар мен практикалық ұсынымдардың сенімділігі мен негізділігі қамтамасыз етілген.</p>

<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді:</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><b>3) кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p><b>1-ереже.</b> Қазақстан Республикасының еңбек нарығындағы гендерлік тендік институционалдық, білім беру және басқарушылық факторлардың ықпалымен қалыптасатын басқарылатын әлеуметтік-экономикалық нәтиже болып табылады, бұл оны мемлекеттік және институционалдық басқарудың жүйелі объектісі ретінде қарастыру қажеттілігін негіздейді.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p> <p><b>2-ереже.</b> Еңбек нарығындағы гендерлік тендіктің интегралдық индексі (GE_LM) гендерлік айырмашылықтарды кешенді бағалау мен мониторингтеудің сенімді құралы болып табылады, ол көрсеткіштердің уақыт бойынша, сондай-ақ өңірлер мен экономика салалары бойынша салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p> <p><b>3-ереже.</b> Қазақстан Республикасының еңбек нарығындағы гендерлік диспропорциялар басқарылатын сипатқа ие және талдау нәтижелері көрсеткендей, факторлардың ішінде әйелдердің басқарудағы өкілдігі (LEAD<sub>f</sub>) статистикалық тұрғыдан мәнді тәуелді, ал институционалдық-құқықтық орта (WBL<sub>c</sub>) және білім беру әлеуеті (EDU<sub>f</sub>) бағыттық және түсіндірмелік факторлар ретінде қарастырылады.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p> <p><b>4-ереже.</b> Еңбек нарығында гендерлік тендікті тиімді қамтамасыз ету стратегиялық, институционалдық және ұйымдастырушылық реттеу тетіктерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін және тұрақты кері байланыс тетіктерін қалыптастыратын көпдеңгейлі (макро-мезо-микро) басқару моделін іске асыру арқылы мүмкін болады.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді</p>
--	--	---

	<p>7.2 Тривиалды ма? Жок</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p> <p><b>5-ереже.</b></p> <p>Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару жүйесі нормативтік түрде бекітілген қағидаттар мен нақты әлеуметтік-экономикалық нәтижелер арасындағы алшақтықта көрінетін құрылымдық және институционалдық шектеулердің болуымен сипатталады, бұл модельге негізделген және дәлелді басқаруға көшу қажеттілігін айқындайды.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жок</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p> <p><b>6-ереже.</b></p> <p>Еңбек нарығындағы гендерлік диспропорцияларды қысқарту макроэкономикалық деңгейде еңбек өнімділігі мен экономикалық өсім көрсеткіштеріне статистикалық тұрғыдан мәнді әсер етеді, бұл олардың басқарылатын факторлар мен гендерлік теңдік арасындағы статистикалық өзара байланысты эмпирикалық түрде көрсетеді.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жок</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p>	<p>7.2 Тривиалды ма? Жок</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p> <p><b>5-ереже.</b></p> <p>Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару жүйесі нормативтік түрде бекітілген қағидаттар мен нақты әлеуметтік-экономикалық нәтижелер арасындағы алшақтықта көрінетін құрылымдық және институционалдық шектеулердің болуымен сипатталады, бұл модельге негізделген және дәлелді басқаруға көшу қажеттілігін айқындайды.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жок</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p> <p><b>6-ереже.</b></p> <p>Еңбек нарығындағы гендерлік диспропорцияларды қысқарту макроэкономикалық деңгейде еңбек өнімділігі мен экономикалық өсім көрсеткіштеріне статистикалық тұрғыдан мәнді әсер етеді, бұл олардың басқарылатын факторлар мен гендерлік теңдік арасындағы статистикалық өзара байланысты эмпирикалық түрде көрсетеді.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жок</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: Кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә</p> <p>Зерттеудің әдіснамалық аппараты өзара толықтыратын тәсілдердің кешенін қамтиды: жүйелік, институционалдық, салыстырмалы, құрылымдық-функционалдық тәсілдер, сондай-ақ статистикалық және эконометриялық талдау әдістері. Әдіснаманы тандау зерттеу міндеттерінің сипатына негізделген және зерттеу объектісін жан-жақты қамтуды қамтамасыз етеді. Теориялық талдаудан (1-бөлім) сандық диагностикаға (2-бөлім) және басқарушылық модельдеуге (3-бөлім) көшу дәйекті әрі әдіснамалық тұрғыдан негізделген түрде жүзеге асырылған. Әрбір әдісті қолданудың алғышарттары диссертация мәтінінде нақты дәлелденген, ал пайдаланылған тәсілдердің шектеулері автор тарапынан ғылыми талаптарға сай дұрыс көрсетілген.</p>	<p>Зерттеу барысында цифрлық талдаудың заманауи құралдары қолданылған. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының 2015–2024 жылдар</p>
		<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жок.</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік</p>
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>			

<p>технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жоқ.</p>	<p>аралығындағы ресми статистикалық деректері Excel Power Query бағдарламасының көмегімен жинақталып, өңделіп және құрылымдалған. Есептеулер жүргізу, деректерді нормализациялау, GE_LM, интегралдық индексін қалыптастыру және эконометриялық модельді дәлелдеу үшін NumPy, Pandas және Matplotlib кітапханаларын қамтитын Python бағдарламалау тілі пайдаланылған. Аталған құралдарды қолдану есептеу рәсімдерінің қайталанбалылығын, әдіснаманың ашықтығын және алынған нәтижелерді түсіндірудің дәлдігін қамтамасыз етті. Matplotlib және Seaborn бағдарламалары арқылы жүзеге асырылған деректерді көрнекілеу зерттеу қорытындыларының көрнектілігін арттырып, нәтижелердің кең аудитория үшін қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарының қолданылуы диссертациялық жұмыстың қолданбалы экономика саласындағы ғылыми зерттеулерге қойылатын қазіргі заманғы талаптар мен стандарттарға толық сәйкес келетіндігін көрсетеді.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық тұжырымдары эмпирикалық деректер негізінде дәйекті түрде дәлелденген. 2015–2024 жылдардағы нақты статистикалық деректер бойынша GE_LM, интегралдық индексін есептеуі оның динамикасын жұмыспен қамту саласындағы нақты өзгерістермен салыстыруға және аналитикалық тұрғыдан негізділігін растауға мүмкіндік береді. Регрессиялық модель де осы деректер негізінде апробациядан өткізіліп, алынған нәтижелер мазмұндық тұрғыдан жан-жақты түсіндірілген. Ұсынылған басқару моделі Шығыс Қазақстан облысының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының қызметінде практикалық апробациядан өтіп, Қазақстан-Американдық еркін университетінің оқу үдерісіне енгізілген. Бұл оның практикалық маңыздылығы мен қолданбалы тиімділігін қосымша түрде дәлелдейді.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертацияның ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары өзекті әрі беделді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен толық расталған. Зерттеу барысында еңбек экономикасы (Blau, Kahn, Goldin), институционалдық экономика, мемлекеттік басқару және гендерлік зерттеулер салаларындағы жетекші халықаралық ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың (Халықаралық еңбек ұйымы, Дүниежүзілік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы, БҰҰ Әйелдер ұйымы) жарияланымдары және қазақстандық ғалымдардың ғылыми жұмыстары кеңінен пайдаланылған. Автор ғылыми әдебиеттерді дұрыс және орынды қолданады: өзге зерттеушілердің идеяларын жай ғана қайталамай, оларды өзінің авторлық тұжырымдамасын дамыту мен негіздеудің теориялық және дәлелдемелік негізі ретінде пайдаланады.</p>

	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 142 дереккөзден тұрады, бұл зерттеу тақырыбын жан-жақты қамту үшін жеткілікті болып табылады. Библиографиялық тізімге монографиялар, рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар (оның ішінде Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін басылымдар), халықаралық ұйымдардың баяндамалары, нормативтік-құқықтық құжаттар және статистикалық дереккөздер енгізілген.</p> <p>Бірінші бөлімде ұсынылған әдебиеттерге шолу негізгі теориялық тәсілдерді, эмпирикалық зерттеулерді және халықаралық салыстырмалы деректерді жүйелі түрде қамтиды. Бұл авторлық ғылыми эзрлемелерді негіздеуге арналған берік ғылыми-теориялық іргетас қалыптастырады.</p>
<p>9</p> <p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:  <b>1) бар;</b>  <b>2) жоқ.</b></p>	<p>Диссертацияның теориялық құндылығы, ең алдымен, автордың гендерлік теңдікті басқарылатын әлеуметтік-экономикалық нәтиже ретінде қарастыратын тұжырымдамасымен айқындалады. Бұл тәсіл еңбек экономикасы мен мемлекеттік басқару теориясының категориялық аппаратын толықтырып, одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Диссертацияда ұсынылған «еңбек нарығындағы гендерлік теңдік», «гендерлік теңдікті қамтамасыз ету» және «гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару» ұғымдарының ара-жігін нақты ажырату кейінгі ғылыми зерттеулер үшін айқын тұжырымдамалық негіз қалыптастырады. Өзірленген GE_LM<sub>i</sub> интегралдық индексі гендерлік үдерістерді өлшеу мен мониторингтеу құралдарының мүмкіндіктерін кеңейтеді, ал ұсынылған эконометриялық модель посткеңестік экономикалардағы гендерлік теңдіктің динамикасын айқындайтын факторларды эмпирикалық тұрғыдан зерттеуге елеулі үлес қосады. Сонымен қатар, диссертацияда негізделген фрагменттік нормативтік шаралардан жүйелі әрі дәлелді басқару тетіктеріне көшу қажеттілігі де маңызды теориялық мәнге ие.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ.</b></p>	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы нақты апробация және енгізу нәтижелерімен расталған. Авторлық ғылыми эзрлемелер Шығыс Қазақстан облысының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының өңірлік жұмыспен қамту саясатының гендерлік құрамдас бөлігін бағалау қызметінде апробациядан өткен, сондай-ақ Қазақстан-Американдық еркін университетінің оқу үдерісіне «Еңбек нарығы экономикасы» пәні аясында енгізілген. Бұдан бөлек, зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жолданып, оң бағасын алған.</p> <p>GE_LM<sub>i</sub> интегралдық индексі есептеу әдістемесі мен ұсынылған көпдеңгейлі басқару моделі мемлекеттік органдар тарапынан стратегиялық жоспарлау, мониторинг жүргізу және гендерлік теңдік бағдарламаларының тиімділігін</p>

	<p>бағалау үдерістерінде қолдануға жарамды. Сонымен қатар, оларды жұмыс берушілер ESG-стратегияларын және кадрлық саясатты іске асыру барысында, ал талдамалық орталықтар аналитикалық баяндамалар мен болжамдар әзірлеу кезінде тиімді пайдалана алады.</p>	
<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсынымдар жаңа сипатқа ие. GE_LM<sub>1</sub> интегралдық индексін есептеу әдістемесі Қазақстанның еңбек нарығындағы гендерлік теңдік деңгейін кешенді бағалауға арналған алғашқы мамандандырылған құрал болып табылады және уақыт бойынша, өңірлер мен экономикалық қызмет салалары бөлінісінде салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Ұсынылған көпдеңгейлі басқару моделі мемлекеттік, институционалдық және корпоративтік басқару деңгейлерінің өзара үйлесімділігін қамтамасыз ететін басқару деңгейлерінің өзара байланысын күшейтуге бағытталған ұйымдастырушылық-функционалдық құрылымды ұсынады. GE_LM<sub>1</sub> индексын мемлекеттік мониторинг жүйесіне енгізу, ұйымдардың кадрлық саясатын жетілдіру және басқару құрылымдарындағы әйелдердің өкілдігін кеңейту жөніндегі нақты ұсынымдар қолданбалы сипатқа ие және Қазақстанның институционалдық ортасын жан-жақты талдау негізінде әзірленген.</p>	
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:  <b>1) жоғары;</b>  2) орташа;  3) орташадан төмен;  4) төмен.</p>	<p>Диссертация жоғары деңгейдегі академиялық жазу талаптарына сәйкес дайындалған. Жұмыс мәтіні баяндаудың бірізділігімен, терминологиялық аппараттың нақтылығымен және бөлімдер арасындағы логикалық байланыстардың негізділігімен ерекшеленеді. Ғылыми стиль диссертацияның барлық құрылымдық бөліктерінде сақталған, ал зерттеу нәтижелерін дәлелдеу жүйелі түрде құрылған. Кестелер мен суреттер талапқа сай рәсімделген, бірыңғай нөмірлеумен берілген, мазмұнды атаулармен және дереккөздер туралы түсіндірмелермен толықтырылған, бұл материалды қабылдауды жеңілдетеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 142 атаудан тұрады және белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген. Диссертацияның көлемі (156 бет), құрылымы (3 бөлім, қорытынды және 6 қосымша), сондай-ақ теориялық және эмпирикалық материалдардың арақатынасы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>	<p>Жекелеген редакциялық ескертулер техникалық сипатқа ие және жұмыстың кейбір рәсімдеу элементтерін біріздендіруге қатысты. Аталған ескертулер зерттеудің мазмұнына, алынған нәтижелердің сенімділігіне және диссертацияға берілген жалпы оң бағаға ешқандай әсер етпейді.</p>	
<p>12. Докторант мақалаларының</p>	<p>Докторанттың жарияланымдық белсенділігі PhD диссертацияларына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және зерттеудің негізгі нәтижелерін жан-жақты көрсетеді. Жарияланған ғылыми еңбектердің жалпы саны – 13, оның ішінде:</p>	

<p>зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Scopus дерекқорында индекстелетін ғылыми журналда жарияланған 1 мақала (SiteScore көрсеткіші бойынша 53-процентиль);</li> <li>- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған 8 мақала;</li> <li>- Ресей ғылыми дәйексөз индексіне (РФИ) кіретін Ресей электрондық конференциялар материалдарында жарияланған 1 мақала;</li> <li>- халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланған 3 баяндама тезисі.</li> <li>- Scopus дерекқорында индекстелетін ғылыми журналдағы жарияланым зерттеу нәтижелерінің халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын көрсетеді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы мақалалар мен конференциялық тезистер диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерінің дәйекті түрде апробациядан өткенін растайды. Жарияланымдардың мазмұны қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми қағидаларға толық сәйкес келеді, бұл зерттеу нәтижелерінің тиісті деңгейде апробацияланғанын дәлелдейді.</li> </ul>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Жүргізілген кешенді талдау негізінде Мубараков Елдар Ерқынулының «Қазақстан Республикасының еңбек нарығында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару моделін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы және практикалық құндылығы бар аяқталған, дербес орындалған ғылыми ғылыми болып табылады. Зерттеу барысында қойылған мақсатқа қол жеткізіліп, негізгі ғылыми міндеттер шешімін зерттеу Қазақстан Республикасының еңбек нарығында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді басқару моделі әзірленіп, ғылыми тұрғыдан негізделген. Ол авторлық GE_LM, интегралдық индексі, дәлелденген эконометриялық модельді және көпдеңгейлі басқару архитектурасын (макро-мезо-микро) қамтиды. Қойылған міндеттер дәйекті түрде шешімін тауып, алынған қорытындылар эмпирикалық деректермен негізделген. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен философия докторы (PhD) дәрежесін беру қағидаларының талаптарына толық сәйкес келеді. Докторанттың жарияланымдық белсенділігі де белгіленген талаптарға жауап береді. Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, Мубараков Елдар Ерқынулына 8D04101 – «Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру орынды деп есептеймін.</p>

**Ресми рецензент:**

экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры (доцент), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Ғылым комитетінің «Экономика институты» РМҚ жетекші ғылыми қызметкері

Киреева А.А.



*J. A. Mubarakov* Қолын растаймын.  
 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі  
 Ғылым комитетінің  
 «Экономика институты» ШЖҚ РМҚ  
 Кадр қызметі *Kirееva A.A.*